

Көлік-логистика орталықтарын жайластыру және техникалық жарақтандыру жөніндегі үлгілік талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 28 мамырдағы № 650 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 шілдеде № 11694 тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-2-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Көлік-логистика орталықтарын жайластыру және техникалық жарақтандыру жөніндегі үлгілік талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Транзитті және көлік логистикасын дамыту департаменті (Д.Қ. Сәбитов):

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің міндетін атқарушы

А.Пау

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Мамытбеков

2015 жылғы 10 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 12 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 18 маусым

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
міндетін атқарушысының
2015 жылғы 28 мамырдағы
№ 650 бұйрығымен
бекітілген

Көлік-логистика орталықтарын жайластыру және техникалық жарақтандыру жөніндегі үлгілік талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Осы Көлік-логистика орталықтарын жайластыру және техникалық жарақтандыру жөніндегі үлгілік талаптар (бұдан әрі - Үлгілік талаптар) "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-2-бабына сәйкес әзірленді және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін қолайлы жағдай жасау, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін ұлғайту, сауданы дамыту, логистикалық және кедендік операциялардың жүргізілуін жеделдету мақсатында көлік-логистика орталықтарын жобалау, салу (реконструкциялау) және жайластыру кезінде есепке алу үшін арналған.

2. Көлік-логистика орталығы (бұдан әрі - КЛЮ) бұл құрылыстар орналастырылған арнайы бөлінген учаскені қамтитын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік және өзге де операцияларды қоса алғанда, тасымалдаумен қатар жүргізілетін, жүктермен және көлік құралдарымен жасалатын дайындау, бөлу және қорытындылау технологиялық операцияларын орындауға, оның ішінде қарап-тексеруге арналған көлік инфрақұрылымы объектісі.

3. Осы Үлгілік талаптар көлік-логистика қызметін жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруға ниеті бар нарық субъектілері, сондай-ақ кеден ісі, ветеринариялық-санитариялық бақылау және өсімдіктер карантині бойынша бақылау,

сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдар мен ведомстволар үшін арналған.

4. Осы Үлгілік талаптар КЛЮ техникалық жарақтандыру деңгейін, олардың жұмыс істеуін және Қазақстан Республикасындағы көлік-логистика қызметтерін көрсету сапасын арттыруға бағытталған.

5. КЛЮ көліктік жүк ағынының қарқындылығына байланысты жұмыс режимі бар автомобиль жолдарына немесе әуежайларға немесе теңіз және өзен порттарына немесе теміржол станцияларына жақын маңда құру қажет.

6. Қызмет түрі бойынша КЛЮ мынадай түрлері белгіленеді:

1) Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы тасымалданатын тасымалдауларға, жүкті өңдеуге қызмет көрсету және уақытша сақтау орындарында тауарларды орналастыру, кедендік және өзге операцияларды атқару бойынша қызмет көрсету үшін арналған халықаралық КЛЮ:

ішкі КЛЮ клиенттердің орналасу жері бойынша Қазақстан Республикасының аумағында салынады;

шекара маңындағы КЛЮ өткізу пункттерінде немесе Кеден одағының кедендік шекарасындағы қазақстандық учаскеде өткізу пункттерінің аумағына бөлінбей жақын құрылады;

2) өңірлік КЛЮ Қазақстан Республикасының аумағында салынады және Кеден одағының кедендік шекарасының шеңберіндегі тасымалдаумен қатар жүргізілетін, жүктермен және көлік құралдарымен жасалатын дайындау, бөлу және қорытындылау технологиялық операцияларын орындауға арналған.

7. КЛЮ мынадай аймақтарды қамтиды:

1) терминалды – тиеу-түсіру операцияларын өткізу үшін арналған аймақ;

2) қоймалық – қоймалық үй-жайлар, объектілер және құрылғылар орналасқан аймақ

;

3) әкімшілік – КЛЮ әкімшілігі орналасатын әкімшілік үй-жайларының кешені орналасатын аймақ.

Халықаралық КЛЮ Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсатында кеден бекеті немесе кедендік операцияларды өткізу орны құрылатын кедендік бақылау аймағы көзделген.

8. Осы Үлгілік талаптардың 9-тармағында көрсетілген КЛЮ аумағының алаңы, сондай-ақ аймақтар, жобалау сатысында көлік саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

2. Өңірлік КЛЮ жайластыру бойынша талаптар

9. КЛЮ алаңы қажеттілік болған жағдайда КЛЮ жалпы ауданынан кемінде 20 % кеңейту мүмкіндігімен жүк ағынына байланысты. КЛЮ алаңы мынадай талаптарға сәйкес келеді:

- 1) қойма аймағы КЛО жалпы алаңының кемінде 40 %;
- 2) тұрақ үшін алаң КЛО жалпы алаңының кемінде 15 %;
- 3) терминал аймағы КЛО жалпы алаңының кемінде 15 %;
- 4) контейнерлік алаң КЛО жалпы алаңының кемінде 15 %.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 20.01.2023 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Пайдалы қазбалары бар алаңдарда КЛО жобалауға және салуға, жер асты құрылыстары жатқан орындарда орналастыруға жол берілмейді. Айрықша жағдайларда бұларға жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның рұқсаты бойынша жол беріледі.

11. КЛО аумағында және оларға кіретін және шығатын кірме жолдарда көлденең таңбалауды, тік жол белгілерін, бағдаршамдарды және басқа нұсқамаларды пайдалану арқылы қозғалысты тиімді басқару қамтамасыз етіледі. КЛО аумағында қозғалыс қауіпсіздігін және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында арнайы кедергілер, тосқауылдар және басқа да құрылғылар құрылады. Осы жүйе көлік құралдарының КЛО шегінен тыс санкциясыз кету мүмкіндігінің жолын кесуге арналған.

12. Жол коммуникациялық жүйе КЛО даму перспективасын және көлік құралдарының қозғалыс бағыттарын өзгерту мүмкіндігін ескере отырып, қарбалас сағатта көлік құралдарының ең көп санын өткізу қабілетін есепке ала отырып салынады.

13. КЛО аумағындағы көлік құралдары үшін өту жолдары бөгетсіз маневр жасауы және тиеу-түсіру пункттеріне кірме жолды қамтамасыз етеді.

14. Жүк машиналар қозғалысының бақылау белдеуінің ені – 3,5 метр.

15. Ірі габариттік, ауыр салмақты және арнайы жүктердің өткізілуін қамтамасыз ету үшін ені әрбір бағыт үшін 4,5 метр болуы тиіс қозғалыстың жеке белдеуін қамтуы қажет.

16. Қозғалыстың белдеу саны көліктік жүк ағынының жиілігіне байланысты анықталады.

17. КЛО әкімшілік ғимараттарында байланыстың серверлік тораптарын орналастыру үшін үй-жайлар қарастырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 20.01.2023 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. КЛО аумағында автокөлік тұрағы үшін күзетілетін алаң қарастырылады.

19. КЛО қызмет көрсету объектілері де (тамақтану пункттері, банк терминалдары, валюта айырбастау пункттері, пошта және басқа объектілер) орналасуы мүмкін.

20. Барлық жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету, сондай-ақ КЛЮ аумағында орналасқан ғимараттар мен құрылыстарды күтіп-ұстау жауапкершілігі КЛЮ әкімшілігіне жүктеледі.

3. Өңірлік КЛЮ техникалық жабдықталуына қойылатын талаптар

21. Өңірлік КЛЮ техникалық жабдықталуы мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- 1) бір немесе бірнеше жер үсті көлік жолдарының болуы;
- 2) аумаққа көлік құралдарының кіруі мен аумақтан шығуын бақылайтын автоматтандырылған бақылау жүйесінің болуы;
- 3) тауарлар мен көлік құралдарын автоматты түрде есептеу жүйесінің болуы;
- 4) әртүрлі типтегі телевизиялық жүйелерді қолданумен құрылған және деректерді сақтай отырып, нақты уақыт режимінде объектілеріне (аумақтарына) бақылауды жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін, тәулік бойы қызмет ететін, КЛЮ-да соңғы күнтізбелік отыз күн ішінде орын алған оқиғалар туралы бейне ақпаратты қарау мүмкіндігі бар, жүйе телекамералары ғимаратта, алаңдарында, сондай-ақ КЛЮ аумағының периметрі бойынша орналастырылған, бөлігі көрсетіліп немесе жасырын орнатылатын телевизиялық бейнебақылау жүйесі;
- 5) орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдарының сипатына сәйкес сертификатталған таразы құрылғыларының болуы;
- 6) қоймалық аймақтың болуы (тікбұрыш пішінде болуы жөн);
- 7) өртті жоюды және адамдарды қауіпсіз жерге көшіруді (ұйғарынды өрт қатерін есепке алып) ұйымдастыру мақсатында өрт туралы хабарландыру жүйелерін және өрт сөндіру қондырғыларын қосу үшін қажетті уақытта өртті автоматты түрде анықтауды, өңдеуді, өрт туралы хабарландыруды белгіленген түрде беруді қамтамасыз ететін, объектілерде монтаждalған және жалпы өрт бекетінен бақыланатын жобалау құжаттамасына сәйкес өрт дабылын, өрт сөндіруді және өрт туралы адамдарды хабарландыру жүйесін орнатудың жиынтығынан тұратын өрт сөндіру автоматикасының жүйесі;
- 8) жүкті өңдеу бойынша қазіргі заманғы көліктік-қойма операциялары мен тиеу-түсіру жұмыстарын механизациялау құралдарының болуы;
- 9) автоматты телефон станциялары, коммутаторлары (қызметтік үй-жайлардың санына байланысты) негізінде құрылған ішкі телефон байланысы жүйесі;
- 10) барлық орынжайларда және құрылыстарда орнатылған құрылғылардың қажет санын қосуға мүмкіндік беретін стационарлық аппаратураларды қолдану арқылы жабдықталған күзет дабылының жүйесі;
- 11) инженерлік желілер мен коммуникация жүйесімен біріктірілген, бірлесіп қолданылатын күзеттің техникалық құралдарын қолдана отырып жабдықталған және

аумаққа рұқсатсыз кіріп кетуді (кіріп кетуге әрекет етуді) анықтауға, ақпаратты берілген түрінде оператор пультіне жинауға, өңдеу мен ұсынуға арналған күзет, кіруді бақылау және күзет дабыл беру инженерлік құралдары жүйесі;

12) ғимараттарды, үй-жайларды, құрылыстарды, жабдықтарды техникалық бақылау құралдарын электрмен жабдықтау жүйесін авариялық ажырату кезінде электрмен қоректендіруді қамтамасыз етуге арналған және электрмен қоректендірудің балама көздерінің көмегімен құрылған, бұл ретте КЛЮ электр энергиясын үздіксіз берумен қамтамасыз етілген резервтік электрмен қоректендіру жүйесі.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 20.01.2023 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Халықаралық КЛЮ жайластыруға қойылатын талаптар

22. Халықаралық КЛЮ-да сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларына қолайлы жағдай жасау мақсатында бір әкімшілік ғимаратта кедендік және өзге де операцияларды орындау, қажетті рұқсат беру құжаттарын беру үшін кеден ісі, ветеринариялық-санитариялық бақылау мен өсімдіктер карантині бойынша бақылау, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдар мен ведомстволарға және өзге де ұйымдар орналастырылатын ресімдеудің операциялық залы мен қызметтік үй-жайларды орналастыру қажет. Үй-жайлардың саны мен олардың алаңдары әрбір қызмет үшін жобалау сатысында сәйкес уәкілетті органдармен келісіледі.

23. Халықаралық КЛЮ-да тәулік бойы қызмет ететін жасанды жарық пен соңғы күнтізбелік отыз күн ішінде болған оқиғалар туралы бейнеақпаратты қарауға мүмкіндік беретін рұқсат мүмкіндігі 1920x1080 пиксель болатын бейнебақылау құралдарымен жабдықталған тауарларды тексеру, оның ішінде көлік құралдарын жан-жақты тексеру орындарын қарастыру қажет.

24. Бөгде тұлғалардың кедендік бақылау орындарына өтуін болдырмау мақсатында кедендік бақылау аймақтары қоршаумен жабдықталады. Бұл ретте, тексеру алаңдарында, кіретін және шығатын жерлерде, көлік құралдарын қайта тиеу орындарында максималды қарқындылықпен жарық, сондай-ақ бейнебақылау жүйесі көзделеді.

25. КЛЮ жобалау және салу кезеңдерінде іске асырылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының кедендік бақылаудың режимдік аймақтары туралы талаптарының сақталуымен қызмет көрсету объектілері (тамақтану пункттері, банк терминалдары, валюта айырбастау пункттері, пошта және басқа объектілер) орналастырылады.

26. КЛЮ әкімшілігі кеден ісі, ветеринариялық-санитариялық бақылау және өсімдіктер карантині бойынша бақылау, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органды және

ведомстволарды кедендік және бақылаудың басқа түрлерін жүзеге асыру үшін өтеусіз негізде қызметтік үй-жайлармен қамтамасыз етеді және коммуналдық қызмет, байланыс арналары бойынша шығыстарды төлейді.

27. Теміржол жолдары бар халықаралық КЛЮ-да:

1) толассыз түрде жобаланған, техникалық жарамды бір немесе бірнеше көліктің кірме жолдары бар КЛЮ-ның жолдық дамуымен;

2) жоспарланған жүк тасымалдау көлемін ескере отырып өткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін КЛЮ кірме жолдарының жанасу станциялары мен КЛЮ аумағындағы алаңшілік теміржолдардың, сондай-ақ қазіргі заманғы тиеу-түсіру жұмыстарының механизациялау құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

28. Теңіз және өзен жолдары бар халықаралық КЛЮ:

1) бөгетсіз маневр жасау мен тиеу-түсіру пункттеріне кіруін;

2) Қазақстан Республикасының теңізде жүзу және ішкі су көлігі саласындағы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

29. Халықаралық КЛЮ осы Үлгілік талаптардың 9-18, 20-тармақтарында көрсетілген талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

30. Халықаралық шекара маңындағы КЛЮ-да өткізу пунктінен КЛЮ-ға дейінгі аумақта қоршау, бейнебақылау мен жарықтандыру және көлік ағындарын шығу мен кіруге бөлу қарастырылады. Халықаралық шекара маңындағы КЛЮ аумағының орналасуы кеден ісі саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

5. Халықаралық КЛЮ техникалық жабдықтандыруға қойылатын талаптар

31. Жобалау кезеңінде көлік құралдарын және тауарларды өткізуді ұйымдастырудың технологиялық схемасын, өткізу қабілетін (қозғалыстың, көлік құралдарының тәуліктегі, сағаттағы қарқындылығы) көлік ағынының кіру және шығу жолдарына бөлінуін, сондай-ақ тауарлар мен көлік құралдарын қарау (қарап тексеру) орнының аумағын және санын ескере отырып, кеден ісі саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша мынадай жүйелермен қамтамасыз етіледі:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 14.05.2026 № 116 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1) кеден ісі саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен ықпалдасудың техникалық мүмкіндіктері бар, автоматты режимде көлік құралдарының салмақтық параметрлерін анықтауға мүмкіндік беретін көлік құралдарының салмақтық параметрлерін автоматты түрде анықтау жүйесі;

2) кеден ісі саласындағы уәкілетті органның және жоғары тұрған басқару органдарымен өзара іс-қимылын және үздіксіз тұрақты байланысын қамтамасыз ететін кемінде 8 Мбит/сек өткізу қабілеті бар телекоммуникациялық инфрақұрылымды қоса алғанда байланыс жүйесі;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 14.05.2026 № 116 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) кеден ісі саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен ықпалдасудың техникалық мүмкіндіктері бар автокөлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлерін оқуды, сақтауды, мемлекеттік тіркеу нөмірлерінің дерекқорын жүргізуді қамтамасыз ететін көлік құралдарын электрондық есепке алу жүйелері.

32. Халықаралық КЛЮ осы Үлгілік талаптардың 21-тармағының 1), 3), 4), 6-12) тармақшаларында көрсетілген талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

6. КЛЮ аумағындағы қоймалық үй-жайлар

33. КЛЮ аумағында орналасқан қоймалық үй-жайлардың жобалануы мен құрылысы Қазақстан Республикасы заңнамасының құрылыс нормалары мен талаптарына сәйкес болуы тиіс.

34. Өңірлік КЛЮ қоймалық үй-жайлары мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- 1) тікбұрышты пішінде болуы жөн бір қабатты қоймалық ғимарат;
- 2) шаңға қарсы жамылғысы бар, 5т/ш.м. кем емес жүктемесі бар, жер деңгейінен 1,20 м. деңгейінде орналасқан тегіс бетонды еден;
- 3) төбенің биіктігі 8 метрден бастап;
- 4) реттелетін температуралық режим;
- 5) жобалау құжаттамасына сәйкес өрт дабылы жүйесінің мен автоматты өрт сөндіру жүйесінің болуы;
- 6) тиеу-түсіру алаңдары бар автоматты қақпалардың жеткілікті санының болуы (500 ш.м.-ге 1-ден кем емес);
- 7) желдету жүйесі;
- 8) көліктен түсіру үшін пандус;
- 9) үлкен жүкті автомобильдердің тұруы мен маневр жасауы үшін алаңдардың болуы;
- 10) қойманың жанындағы қосалқы үй-жайлардың болуы (дәретхана, душ, қосымша үй-жайлар, персонал үшін шешінетін жерлер).

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 20.01.2023 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Халықаралық КЛЮ қоймалық үй-жайлары мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- 1) тікбұрыш пішінде болуы жөн колоннасыз немесе колонналар арасы кемінде 12 м және аралықтары кемінде 24 м құрайтын заманауи бір қабатты қоймалық ғимарат;
- 2) шаңға қарсы жамылғысы бар, 5т/ш.м. кем емес жүктемесі бар, жер деңгейінен 1,20 м. деңгейінде орналасқан тегіс бетонды еден;

- 3) көп деңгейлі (6-7 ярус) стеллаж жабдықты орнатуға мүмкіндік беретін төбелердің биіктігі 13 метрден кем емес;
- 4) реттелетін температуралық режим;
- 5) жобалау құжаттамасына сәйкес өрт дабылы жүйесі мен автоматты өрт сөндіру жүйесінің болуы;
- 6) желдету жүйесінің болуы;
- 7) биіктігі реттелетін (500 ш.м-ге 1-ден кем емес) тиеу-түсіру алаңдары бар автоматты қақпалардың жеткілікті санының болуы;
- 8) үлкен жүкті көліктердің және жеңіл автомобильдердің тұруы үшін алаңдардың болуы;
- 9) үлкен жүкті көліктердің маневр жасауы үшін алаңдардың болуы;
- 10) қойманың жанындағы қосалқы үй-жайлардың болуы (дәретхана, душ, қосымша үй-жайлар, персонал үшін шешінетін жерлер).

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 20.01.2023 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Халықаралық КЛЮ-да Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының талаптарына сәйкес уақытша сақтау қоймаларын қарастыру қажет.